

№14 «Шолпан» балабақшасы

Психологтың ата- анамен жұмысы

Психолог: Даменова Гулжайна Райимбековна

2021-2022 оқу жылы



Бекітемін:

№14 «Шолпан» балабақшасының

меңгерушісі: Ж.Кисигова

**№14«ШОЛПАН» балабақшасында өткізілетін ашық
ұйымдастырылған психологиялық сауалнамалар,тренингтер және
ата-анамен жұмыс жүргізу кестесі**

№	Өткізілетін іс-шара	Жұмыс мазмұны	Уақыты	Орындаушы
1	Баланың балабақшаға бейімделуі	Пікір алмасу	Қыркүйек	Психолог
2	Отбасым алтын үйім.	Тренинг	Қазан	Психолог
3	Ата-аналармен ойын.	Ойын	Қараша	Психолог
4	Сіз қандай ата-анасыз?	Сауалнама	Желтоқсан	Психолог
5	Бала жанының әдемілігін түсін,Ана!	Сауалнама	Қаңтар	Психолог
6	Отбасындағы қарым-қатынастың бала психологиясына әсері	Пікір алмасу	Ақпан	Психолог
7	Баланың мектептегі оқуға дайындығы	тренинг	Наурыз	Психолог
8	Ата-аналарға психологиялық кеңес	Пікір алмасу	Сәуір	Психолог
9	Жақсы көңіл күй сыйлайын!	Тренинг	Мамыр	Психолог



№14 «Шолпан» балабақшасы

«Ана мейірімі» (тренинг)

Балабақша психологы: Даменова Гулжайна

2021-2022 оқу жылы

Бекітемін:

Әдіскер: *Аманжол* К.Байқадамова

«17» «11» 2021 ж

Тақырыбы: “Ана мейірімі”

Ата-аналармен жүргізілген тренинг

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру. Ата-ана бойына өздерін тәрбиеші жетекші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту, баламен дұрыс тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салу.

Өтетін жері: Жарық, кең бөлме

Көрнекілігі: карандаш, ақ парақ.

Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Сіздерге алдын-ала осы жұмысқа уақыт бөліп келгендеріңіз үшін рахмет айтамын. Сіздердің ойларыңыздан шығуға тырысамын деп ойлаймын. Сіздермен бүгінгі кездесуіміздің себебі: өмірде алуан түрлі тағдырлы, мінезді адамдар кездеседі. Олармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу баға жетпес байлық. Осы байлыққа ие болған адам қоғамда өз орнын тауып, үйлесімі өмір сүре алады. Өмірді сол қалпында қабылдап, қадірлей біледі. Өзі менде басқаменде жарасымды өмір сүре алатындай тұлға ретінде қалай қалыптасуға болады?

Оған жету жолы сан түрлі. Соның бірі-өзін-өзі тану, яғни адам ең бірінші өзін-өзі тани білу керек. Осы мақсатта өткізілетін бүгінгі тренингіміздің тақырыбы - «Ана мейірім», - деп аталады.

Өмірде ана-бұлақ, ана-пана,

Өмірді өркендетер ана ғана

Өсірген талай көсем, талай шешен,

Талай ер, талай ақын, талай дана

Ана! Ол- біздің елде ардақты адам,

Кіші де, үлкен де оны ардақтаған

1-кезең. Танысу жаттығуы: Есімдер сыры.

Мақсаты: Тренингке қатысып отырған ата – аналар бір-бірімен танысу.

- Өз атыңызды айтып, атыңыздың алғашқы әріпінен басталатын бойыңыздағы жақсы қасиетті атап өту.

2-кезең. Өзін-өзі жарнамалау. «Мен кіммін»

Мақсаты: Адам өзін-өзі тану, өзін-өзі ашу мақсатында өзінің психикалық мінездемесін анықтау және талдау, іскерлігін дамыту.

Ойын шарты: Сіздерге 5 минут уақыт беріледі. Сол уақыт ішінде сіздер өздеріңіздің психологиялық ерекшеліктеріңіз, икемділіктеріңіз жетістіктеріңіз, яғни өзіңіз жайлы «Мен кіммін» өзін-өзі жарнамалау туралы қысқаша параққа жазып қол қойып аты-жөніңізді жазыңыздар. Жиналған парақты араластырып аламын да ішінен біреуін кезекпен оқимын. Сіздер кім жайлы айтылғанын табасыздар.

3-кезең. Қызықты сұрақтар.

1. Балаңыздың сүйікті түсі.
2. Тәрбиешілерінің толық аты-жөні.
3. Балаңыздың сүйікті мультфильмі.
4. Қандай жануарды жақсы көреді.
5. Балаңызды қалай еркелетесіз.
6. Балаңыз сізге қалай еркелейді.

4-кезең.Сергіту жаттығуы “Кел ойнайық!”

Өтірік айту жаман қасиет дегендеріңіз аяқты еденге ұрайық,
«Мейірімді анамын» дегендеріңіз орнымыздан тұрайық
«Бала үшін бәрінде жасаймын» дегендеріңіз отырайық
Бүгінгі кездесуіміз яғни тренинг ұнаса қол соғайық!

5-кезең.«Танып ата» ойыны.

Ата-аналармен балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрады.Ата-аналар көздерін жұмулы күйінде сипалау арқылы баласын тауып алу қажет.

6-кезең. «Отбасы » ағашы

Мақсаты: Жанұядағы ауызбіршілікті, өз орынын , кім басшы екенін анықтау..

Ойын шарты: Отбасының әр мүшелерін шежіре ағашына орналастыру.

Балалармен ата-ана бірге жасайды.

7.Қорытынды.

«Көңілкүй шыңы»

Міне қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға , жан-жақты көрсетуге тырыстық. Отбасыда бала үшін ата-ананың көңіл-күйі ең маңызды дүние . Сондықтан да әрқашан көңілдеріңіз көтеріңкі болсын. Енді мына алдарыңызда «Көңіл күй шыңы »атты таудың суреті салынған сіздер мына стикерлерге бүгінгі тренингтен алған сезімдеріңізді , тілектеріңізді жазып таудың ,қай беткейіне жеткендеріңізді шыңына жетсеңіздер шыңына, баурайында болсаңыздар баурайына, етегінде қалсаңыздар етегіне көрсетіп жапыстыруларыңызды сұраймын. Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет. Сау болыңыздар!

1. Балаңыздың сүйікті түсі.
2. Тәрбиешілерінің толық аты-жөні.
3. Балаңыздың сүйікті мультфильмі.
4. Қандай жануарды жақсы көреді.
5. Балаңызды қалай еркелетесіз.
6. Балаңыз сізге қалай еркелейді.

4-кезең.Сергіту жаттығуы “Кел ойнайық!”

Өтірік айту жаман қасиет дегендеріңіз аяқты еденге ұрайық,
«Мейірімді анамын» дегендеріңіз орнымыздан тұрайық
«Бала үшін бәрінде жасаймын» дегендеріңіз отырайық
Бүгінгі кездесуіміз яғни тренинг ұнаса қол соғайық!

5-кезең.«Танып ата» ойыны.

Ата-аналармен балалар бір-біріне қарама-қарсы тұрады.Ата-аналар көздерін жұмулы күйінде сипалау арқылы баласын тауып алу қажет.

6-кезең. «Отбасы» ағашы

Мақсаты: Жанұядағы ауызбіршілікті, өз орынын, кім басшы екенін анықтау..

Ойын шарты: Отбасының әр мүшелерін шежіре ағашына орналастыру.

Балалармен ата-ана бірге жасайды.

7.Қорытынды.

«Көңілкүй шыңы»

Міне қоштасатын да сәт жетті. Біз сіздермен жанұядағы ата-ана мен балабақша арасындағы қарым-қатынастың түрлі жақтарын тануға, жан-жақты көрсетуге тырыстық. Отбасыда бала үшін ата-ананың көңіл-күйі ең маңызды дүние. Сондықтан да әрқашан көңілдеріңіз көтеріңкі болсын. Енді мына алдарыңызда «Көңіл күй шыңы» атты таудың суреті салынған сіздер мына стикерлерге бүгінгі тренингтен алған сезімдеріңізді, тілектеріңізді жазып таудың қай беткейіне жеткендеріңізді шыңына жетсеңіздер шыңына, баурайында болсаңыздар баурайына, етегінде қалсаңыздар етегіне көрсетіп жапыстыруларыңызды сұраймын. Ата-аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахмет. Сау болыңыздар!

Қызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша
білім бөлімінің №14«Шолпан» балабақшасы коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Анықтамасы

Тақырыбы: «Ана мейірімі.»

Мақсаты: Бала тәрбиесінде ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндірдім. Ата-анаға өздерін тәрбиеші жетекші ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыта отырып тіл табысуға, сөйлеу мәдениетін үнемі қолдауға ой салдым.

Тренинг танысу жаттығумен басталды. «Мен кімін» өзін-өзі жарнамалау ойынын ата-аналармен ойнатқыздым. Қызықты сұрақ-жауап алмастым. «Кел ойнайық!» сергіту жаттығуын жасаттым. «Танып ата!» ойыны ойнатылды. Ата-анамен балаларды ортаға шығарып ойын өткізілді. «Отбасы» ағашы шежіре ағашына отбасындағы әр мүшелерін орналастырды. «Көңіл-күйі шыңы» атты таудың суреті салынған суретке тілектерін жазып жабыстырды. Тренингті қорытындылады.

Өткізген:  Г.Даменова







№14 «Шолпан» балабақшасы

Отбасым алтын үйім

(Тренинг)

Балабақша психологы: Даменова Гүлжайна

2021-2022 оқу жылы

Отбасым- алтын үйім!

Тақырыбы: Отбасым алтын үйім!

Тренингті өткізу мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың рөлін анықтау.

Тренинг мақсаты: *Ата-ана – мектеп-бала болып, үш жақты тығыз қарым-қатынас орнату.*

Міндеттері: Ата-аналардың мектеппен тығыз байланысын арттыру.

Ситуациядан шығу арқылы бала тәрбиесінде кездесетін қиыншылықтардың алдын алу.

Жоспары: 1.Мотивациялық кезең

2. Ата-аналарды топқа бөлу

3.Жиналыс мақсатымен таныстыру

4. Топқа тапсырмалар беру (ата аналар сахналап көрсетеді)

5. Сергіту сәті

6. Ситуациялық сұрақтар (постер қорғайды)

7. Қорытынды: Рефлексия

Сәлеметсіздер ме құрметті ата-аналар! Бүгінгі біздің «Бала бақыт бастауы, отбасы алтын діңгегі» атты тренинг сабағымызға хош келдіңіздер! Ата –ана тілегі баласының жақсы адам болуы, еңбексүйгіштігі, кішіпейіл, мейірімді болуы. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады.

Балаға білім, тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырып демеуші ата-ана.

Барысы:

1.Мотивациялық кезең

Шаттық шеңбері:

Ата - аналарды қолымыздан ұстап, шаттық шеңберіне тұрғызу. Мен сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Қане, бәріміз бір - біріміздің қолымыздан ұстап шеңбер құрайық. Осы дөңгелек шеңберді неге шаттық, жылулық шеңбері деп атаймыз? Қалай ойлайсыздар. Шеңберге тұрудың үлкен бір қасиеті бар. Шеңберіміз көктегі жылу беретін күн сияқты дөңгелек. Шеңберге тұрып, бір - бірімізді жақсы көре аламыз, жақсылық пен жылулығымызды сыйлай білуге үйренеміз. Міне, сондықтан бұл шеңберді жылулық, шаттық шеңбері деп атаймыз. Енді бәріміз жақсылық тілеп, шаттана қуанып, күлкімізді сыйлайық.

Танысу: Ата-аналар шеңбер бойымен тұрып, әрқайсысы өз есіміне бір сын есім қосып және баласының есімін атап, баласының бір жағымды қылығын атайды.

Доппен жаттығу. Бала сіз үшін кім? Допты бір-біріне ұсынып сұраққа жауап беру. Бала – болашағым, серігім, бақытым, өмірімнің жалғасы т.б.

2. Ата-аналарды топқа бөлу

Енді ата - аналар, «Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтұға табиғаттың тілі жоқ» демекші адам табиғатпен тығыз байланысты,

табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры

ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қалауы бойынша тамыр, жапырақ, діңі болып бөлінеді.

Ал енді ата - аналар тамырлар бір бөлек, жапырақтар бір бөлек, діндер бір бөлек

отыруымыз керек. Сіздер не үшін тамыр тобын таңдадыңыздар, сіздер не үшін

жапырақ таңдадыңыздар, сіздер не үшін діңін таңдадыңыздар соны тобыңызбен

келісе отырып бір келісімге келіп, топтан бір адам шығып қорғайсыздар. (әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

Сіздердің бұл таңдауларыңыз кездейсоқтық емес, психологиялық сәйкестік.

Тамыр таңдағандар істің нәтижесіне мән беретін адамдар.

Діңгекті таңдағандар берік, мықты біреуге тірек бола алатын адамдар.

Жапырақ таңдағандар сұлулықты, әсемдікті, ұқыптылықты қалайтындар.

Енді ата - аналар мына үлкен қағазға «тамыр тобы»- тамырды, «діңгек тобы»- діңгекті, «жапырақ тобы»- жапырақты саламыз.

Осы ағаштың тамыры – ата - ана, діңгегі - тәрбиеші, жапырағы – балаларымыз.

Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз

жемісін береді.

Стикерге ата аналар балаларына тілек жазып, осы ағашқа жапсырады.

3. Жиналыс мақсатымен таныстыру:

Бүгінгі сіздермен жиналыс өткізуіміздің басты мақсаты – ата-ана – мектеп-бала болып, үш жақты тығыз қарым-қатынас орнату. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді дана халқымыз. Ендеше бала тәрбиесінің ең үлкен мектебі-өз отбасы. Олай болса отбасының бала тәрбиелеудегі тиімді тәжірибелерімен алмасу арқылы сіз бен біз боп ой бөліссек.

Алдымен топ басшысын сайлап, топта жұмыс істеу ережесін құрып алайық:

ЕРЕЖЕЛЕР:

1. Бір - бірімізді тыңдаймыз;
2. Жаныңыздағы адамдармен жақсы қарым - қатынаста боламыз;
3. Уақытты үнемдейміз;
4. Белсенділік көрсетеміз;
5. Маңызды нәрселерді ғана айтамыз;
6. Өз ойымызды ашық айта білуге үйренеміз;

4.Топтарға тапсырма беру(ата-аналар сахналап көрсетеді).

1топ. Тәрбиешілер күнде сізге балаңыздың топтағы балаларды ұратыны туралы шағым айтады. Сіздің әрекетіңіз? (Балаңыздың осы қылығын қойдыру үшін үйге келгеннен кейін балаңызбен сөйлесу диалогын көрініс ретінде көрсетейіздер),
(себебін анықтау,баланы мақтау, қолпаштау, құшақтау, бетінен сүю, осы қылығыңды қойсаң мен саған ертегі оқып берем т.б. стимул ретінде не ұсыныр едіңіз)

(әр топтың сөзі тыңдалып, қошеметпен шапалақ ұрылып отырады).

2 топ. Балаңыз бала бақшадан ойыншықты рұқсатсыз үйге алып кетеді, сіз оны үйге барғанда көресіз. Сіздің әрекетіңіз? (диалог)

3топ. Балаңыз үйге келгеннен кейін барлық ойыншықтарын бүкіл үйдің ішіне шашып тастады, жина десеңіз тіліңізді алмайды, Сіздің әрекетіңіз? (диалог)

Қатысып отырған мұғалімдерге:

Сіздің балаңыздың оқу үлгерімі нашарлап кетті, мұғалімдер, сынып жетекші тарапынан шағымдар жиі айтылады, балаңыздың сабаққа барғысы келмейді. Сіздің әрекетіңіз?

5. Сергіту сәті «Кім жылдам?» Доп беру арқылы сұрақтарға жылдам жауап алу.

1. Балаңыздың туған күні?
2. Тәрбиешілердің толық аты- жөні?
3. Балаңыз қандай өлшемді аяқкиім киеді?
4. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
5. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?

6. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
7. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
8. Балаңыз қандай мультфильмді жақсы көреді?
9. Балаңыздың топтағы достары?
10. Балаңыздың бала бақшада үйренген қайдай тақпағын білесіз?
Ата-аналар берілген сұрақтарға тез жауап береді.

6. Ситуациялық сұрақтар: (постер жасайды, осы ситуациядан шығу қадамдарын жазу, алдын алу үшін не істеу керек, кеңес беру, қорғау)

I топ: Сіздің балаңыз атасы мен әжесінің тәрбиесінде болған, ал қазір балаңызды өз қолыңызға алдыңыз, бірақ, балаңыз тәрбиенізге еш көнер емес, не істейсіз?

II топ: Балаңыз күнде таңертең бала бақшаға бармаймын деп жылайды, не істейсіз?

III топ: Балаңыз дүкенге кірген кезде қымбат ойыншықты сатып алып бер деп жылап тұрып алды, сіздің ақшаңыз жоқ. Сіздің әрекетіңіз? Осы қылығы бірнеше рет қайталанып отыр.

Қосымша қатысып отырған мұғалімдерге

(Сіз асығыс қонаққа жиналдығыз, балаңыз ертегі оқып беруді өтінді, не істейсіз?

Балаңыз сіздің ең қымбат затыңызды байқамай сындырып алды, сіздің әрекетіңіз?)

«Рефлексия» (қорытындылау)

(Ата аналарға стикер таратылады, тренингтен алған әсерлерін жазып, ағашқа іледі).

Тренингті формативті бағалайды, қолдарымен көрсету.

Мақсаты: тренинг туралы пікірлерін ортаға салу.

«Міне, осымен **«Бала бақыт бастауы, отбасы алтын дінгегі»** атты тренингіміз аяқталды. Ата - аналар алтын уақыттарыңызды бөліп келгендеріңізге көп рахметімді айта отырып, отбасыларыңызға бақыт нұры шашыла берсін дегім келеді. Сау болыңыздар!.